



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДИГИТАЛДЫҚ ДАМУ АҒАМЫ

КАЗДАТА
ӘДДЕБІМЕТІ

Сөз дегеніміз – самұрық құс

Ұлт руханиятының шарайнасындай «Қазақ әдебиеті» газетінде (№27, 12 шілде, 2024 жыл) «Елім-ай» айдарымен жарияланған Иран-Ғайыптың «Аманат» партиясына аманат» толғауы ойшыл оқырманның рухын сәулелендіріп, көңілін сүйсіндірді. Сәкен Сейфуллинше айтқанда: «Газет оқу – адамның білімін арттырады», «Газет оқымасаң – меңіреу, құлақсыз, саңыраусың!»

Аталмыш жүйелі толғауда, біріншіден, әлеуметтік мәдени-тарихи ақпараттар, ұлттық-символикалық құндылықтар мен көркемдік-психологиялық мазмұн бай. Екіншіден, жаһандану заманындағы геосаясат жағдайында, мыңжылдықтар бойында сұрыпталып, іріктеліп, сараланған халықтық дәстүрлер мен тәжірибелерді сақтап, қорғау, жетілдіру керегін ескертіп, түсіндіреді. Үшіншіден, «Жаңа Қазақстан», «Әділетті Қазақстан» қоғамын құруда, лидерлік, патриоттық кесек істерімен «Аманат» партиясының тарих сахнасында жарқырап, халықтық көзқарас пен жұртшылық тілегі орайында көшбасшылық идеялардың барынша ойдағыдай орындалуына және ұлы бабалар аманатын ардақтауға, тағлиматын мемлекетіміздің өсіп-өну, көркею жолында шеберлікпен кәміл қолдануға қанаттандырады, аршындап-шарықтап алға ұмтылуға мағыналы кеңес береді.

Ақынның тамыры терең дәуірнамалық мәртебелі, дәрежелі жырында Ұлы Даласы мен Ұлы бабаларына деген уыз ілтипат бар.

Тілеуқорлықтан, ақындық құлшыныс-бұлқыныстан туған отаншылдық, мемлекетшілдік, қаһармандық рухқа суарылған толқынды, жалынды, отты сап толғау былайша басталады:

Ал дүние...

Аманат!

Аманат!

Ұлтым –

Ұрпағым,

Ұрқым –

«Қылқаным»,

Саған – Аманат!

Әл-Тарази –

Заңдылығым,

Мәңгілігім –

Аманат!

Адам-Затым

Қазақ-Атым –

Азаматым,

Аманат!

Аспани-Көгім,

Арғы –

Ғұн-Тегім

Аманат!

Сөз дегеніміз – самұрық құс. Сөз ғасырлар тұңғиығындағы бірегей мәліметтерді, заманының тұңғиық қойнауларындағы құпия суреттерді, бел-белестерді тірілтіп жеткізеді. Өйткені қазіргі қазақ елінің түп бабасы – ғұндар. Ғұн өркениеті, санасы, тілі, дәстүрі әлі күнге дейін сақталған. Сондықтан Иран-Ғайыптың:

Арғы –

Ғұн-тегім

Аманат! – деуі, сөз атасын айтқаны, яғни тек-төркінімізді байыптағаны. Ел-Ананы, Жер-Ананы, барша ұлттық-рухани игіліктерді жат қолдан, пәле-жала, зобалаңдардан қору, қорғау – бабалардың асыл мұраты, аманаты. Иә, Иран-Ғайып толғауындағы философиялық идея былайша сипатталады:

Қас-Сақ

Халықтығым –

Алыптығым,

Аманат!

Ұлан-Ғайыр

Жерім,

Рухани-Зайыр

Елім,

Аманат!

Көк-Байрағым,

Көк – Тәңірлі,

Көк-Бөрілі –

Аймағым,

Аманат!

Осы бір тарихи-элеуметтік, стилистикалық сарындар Мәңгітаста қашалған мынадай бейнелі тұжырымдарды ойға оралтады: «Қағандық мемлекетте, хандықта қордаланған қазына, дәулет мол болса, әрине, халықта қандай мұң болмақ!»; «Халқыңды қалауынша киіндір, еріңді елді болдыр»; «Ілкімді (алғыр) биік орнаса, үкімет (мемлекет) қалыптасады»; «Бір құлаш денем жойылса жойылсын, Ұлы Билігім жойылмасын» (Қ.Сартқожаұлы, Ж.Қаржаубайұлы. «Орхон ескерткіштерінің толық атласы». Алматы, 2019. 34, 39, 96, 201-беттер). Ұлттың асыл мұраты – адал еңбек, ар тазалығы, жан тазалығы, кәсібім – нәсібім деп құмырсқаша қимылдау. Бұған ақынның:

Асыл-Мұратым –

Жеткен,

Адал еңбегім –

Еткен,

Аманат! – дегені дәлел. Ұлттық құрылтайдың елдік тұжырымдамасы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» еді. Адалдық – кемел адамның қасиеті.

Мемлекеттің құты мен қыдыры, айбары мен қорғаны: 1) Тәуелсіздігі, 2) Территориясы, 3) Әскери әлеуеті, 4) Тілі, 5) Тарихы, 6) Даналық қағидаттары. Осынау ұлы, киелі ұғымдар философиясын ақын былайша төндіре суреттейді:

А) Бостани-Азаматтығым –
Тәуелсіз – Ғажаптығым,
Аманат!

Ә) Оң-Түстігім,
Сол-Түстігім,
Батысым-Шығысым –
Төрт-Құбылам,
Арқам-Атырауым –
Торқам-Топырағым,
Аманат!

Б) Асқар-Тауларым,
Бақша-Бауларым,
Аманат!

Өзен-Көлдерім
Барқыт-Белдерім
Аманат!

Бейбіт-Ұшқаным –
Қыран-Құстарым,
Аманат!

Қалың-Нуым,
Ауам,
Отым,
Суым,
Аманат!

Аққу-Қаздарым,
Гәкку-Саздарым –
Тағдыр-Таланым,
Жазымыш-Жазғаным,
Аманат!

Бұл-Бұл –
Сайрағаным,
Гүл-Гүл-
Жайнағаным,
Аманат!

Әділет – «Жаңа Қазақстанның» басты тұғырнамасы, құбыланамасы!
Әділетті сөйлеу, турашылдық, сыншылдық көзқарас таныту Иран-
Ғайыптың ақындық, суреткерлік қолтаңбасына тән. Осы орайда:
Ұрандағаным –

Ғұмыр-Бойыма,
Құра-Алмағаным:
«Ұлы Отан» –

Партиям, аманат... – деп ағынан жарылуы да жөн.

Ежелден қазақтың қасиетті «Есік пен Төрі – Думан» еді. Отыз жыл ішінде тұтастай қазақ елі «Шұбырынды – Ақ табан!» болды. Енді қазақтың асыл сөзін суша сапыру, «ақаулы кәрі жорғаларды», «қиқу салған тырналарды», «құйрық сорған борсықтарды», «жорықшы түлкі мырзаларды» даттаудың күні келмесе кеткен шығар.

Сондықтан да ақынның мысқалдай сынына төзімділік көрсетіп, серпіліп ширығу керек болар. Сонда ғана дұрыстық, ізгілік жолына түсеміз.

Задында, «Жаңа Қазақстан» өмірінде әділеттің туы желбіреп, ақжарылғап сәулетті заман туып, мың өліп, мың тірілген» халқымыз молшылықтың, тоқшылықтың, бейбітшіліктің құшағында ғұмыр кешсе, ел, халық, мемлекет алдында аманатқа адалдық танытса әрі көшбасшылық, стратегиялық, патриоттық идеяларды қолдануда лидерлік іс-қимылдарға жүгінсе, Қазақстан ғажапстанға айналар еді. Міне, Иран-Ғайыптың «Аманат» турасындағы толғауының асыл түйіндемесі – осы.

Серік НЕГИМОВ,
*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының иегері*